

Сайрам ауданы Қарабұлақ ауыл округі Х.Жанақорған көшесінде шектеу іс - шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 10 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 мамырда № 2670 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 11.09.2014 № 22 шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Сайрам аудандық аумақтық инспекциясының басшысының 2014 жылғы 13 наурыздағы № 01-04/65 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Қарабұлақ ауыл округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қарабұлақ ауыл округі Х.Жанақорған көшесінде тұратын азамат З.Абдуллаевтың иті құтыру ауруымен ауруына байланысты Х.Жанақорған көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қарабұлақ ауыл округінің әкімі

З.Ибрагимов